Тек социалистік қоғамда ғана айналыс шығыны аз, тұтынушылар мүдделерінің шындығын қамтамасыз ететін негізделген, тиімді етіп ұйымдастырылған сауда құруға мүмкіндік туады. Советтік сауданың өркендеуі айналыс шығындарының, яғни товарларды өндірістен тұтынушыларға жеткізу шығындарының азайтуымен ұштастырылып отырылады. Совет Үкметі бұл шығындардың біздің қоғамымыз үшін барынша аз болуы жөнінде талмай қамқорлық жасайды. Өнеркәсіпте өнімнің өзіндік құнын, саудада айналыс шығындарын азайту бағаны үздіксіз кеміте берудің негізгі қауіпкері болып табылады. ССРО халық шаруашылығын өркендетудің 1951—1955 жылдарға арналған бесжылдық жоспары бойынша біз саудада айналыс шығындарын 23 процент кемітуге тиіспіз. Бізде айналыс шығындарын онан әрі азайта түсуге зор мүмкіндік-

даланып, еңбекшілерді ашықтырудан, тапшыландырудан байып жатады. Соғыстан кейінгі дәуірде барлық капитализм елдерінде бағаның жалпақтығымен өршуі күшеюде, соның салдарынан еңбекшілердің тұрмыс және тұтыну дәрежесі барған сайын төмендеуде.

Егер Совет Одағында 1947 жылдан кейін нанның, еттің және майдың бағасы үш есе кеміген болса, Францияда бұл товарлардың бағалары екі есе қымбаттады, ал Англияда нанның бағасы екі есеге жуық, еттің бағасы—1,5 есе, май—2,5 есе артып отыр. АҚШ-та да баға қымбаттаған, бірақ сөл аздау.

Біздің советтік саудада алысқатарлық рухына орын жоқ. Сауда қызметкерлері белгіленген бағаны қатаң сақтауға міндетті, ол бағалардың қандай да болса бұрмалануы қылмыс болып саналады және совет заңы тұтынушылардың мүдделерін қатаң қорғап отырады.

Бұл істе Мемлекеттік сауда инспекциясына зор роль жүктеледі. Мемлекеттік сауда инспекциясы мемлекеттің бақылау жөніндегі уәкілі болып табылады және белгіленген бағаларды бұзу әрекеттеріне, сатып алушыны алау әрекеттеріне қарсы батыл күрес жүргізіп, мұндай бұрмаланушылықтарды болдырмау шараларын қолдануға тиісті.

Бәсілодақтардың қоғамдық бақылауы да зор маңыз алады. Бақылауға еңбекшілер ұқтары қатысқанда ғана ол зор қоғамдық күш болады. Сауда ұйымдары басшыларының міндеті — бұл бақылауды сауда ісін жақсартуға барынша пайдаланып, бақылаушыларға көмектесіп, жәрдемдесіп отыру.

Халыққа сатылатын товардың сапасын жан-жақты бақылап отыру Совет Үкметінің адамдардың игілігі мен денсаулығы үшін талмай қамқорлық жасауының бір көрінісі болып табылады.

Совет өкметі тұсында товарлардың сапасына мемлекеттік бақылау орнатудың бүтін системасы жасалған, арнаулы лабораторияларда сапаны тексеру ғылыми негізде жүргізіледі, өнеркәсіп орындарында, сауда орындарында және көпшілік тамақтандыру орындарында жаппай санитарлық бақылау ұйымдастырылған. Бақылау ісінде азық-түлік товарлары мен көпшілік тұтылатын өнеркәсіп товарларының сапасы жөніндегі инспекция сыяқты ұйымдардың жұмысы ерекше маңыз алады. Бұл инспекция таяудағы уақытқа дейін өнеркәсіп министрліктеріне бағынып келген болатын, ал енді олар Сауда министрлігіне беріліп отыр, мұның өзі саудаға жаңа зор көмек болып табылады және халық тұтынатын товарлардың сапасын арттыру жолындағы күреске жеңілік туғызады.

Біз қымбат бөлшек, арзан болсын, товарлардың бәрін еңбекшілерге жеткізі-

менерушісі Бубнов жолдас): олар 1953 жылдың 9 айында товар айналымының жоспарын 96,5 процент орындады; Челябинь облысы (облыстық сауда бөлімінің меңгерушісі Устинов жолдас)—97,1 процент, Ворошиловград облысы (облыстық сауда бөлімінің меңгерушісі Волков жолдас) — 96,9 процент орындады. 1953 жылғы II және III тоқсандарда рынок қорларын көбейту жөнінде үкмет қабылдаған шаралар және халықтың ақшадай табысының онан әрі көбеюі товар айналымының 1953 жылға белгіленген жоспарын артығымен орындау үшін барлық жағдайды жасап отыр.

Сауда қызметкерлерінің кәзіргі міндеті —1953 жылғы төртінші тоқсанның товар айналымы жоспарын артығымен орындау, сөйтіп жылдық жоспарды түгел артық орындап, сауда айналымы жөніндегі қосымша тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз ету.

Көпшілік қолды товарлар импорты туралы бірнеше сөз айта кету керек. Соңғы жылдардың ішінде біз халықты жабықтаудың бұл қосымша көзін пайдалана бастадық. Байып алғанын кейін, біз енді күршіл, цитрус, банан, ананас, майшабақ сыяқты азық-түлік товарларын, жоғары сапалы жүн және жібек маталары, мебель сыяқты өнеркәсіп товарларын және басқа товарлардың кейбір сәндік ассортименттерін импорт бойынша алдырып тұра аламыз. Бұл товарларды халықтың керексізінді жақсы.

Быйылғы жылы біз шетелдерден барлығы 4 миллиард сомдық халық тұтынатын товарлар сатып аламыз, оның ішінде үштен екі сомасына халықтық демократия

едерінен аламыз. Біз өз тарапымыздан шетелдерге бізде мол болып отырған кейбір халық тұтынатын товарларды шығарамыз, халықтық демократия елдеріне кейбір товарлар жөнінде көмектесіп отырамыз.

Совет саудасын шұғыл өркендетуді қамтамасыз ету мақсатымен, Министрлер Советі мен Коммунистік партияның Орталық Комитеті жуырда совет саудасын онан әрі өркендету шаралары туралы аса маңызды қаулы қабылдады, бұл қаулы біз үшін таяудағы үш жылдың жұмыс программасы болып табылады. Совет саудасын мұншалық тез өркендету программасы бізде ешуақытта болып көрген емес.

ССРО Министрлер Советі мен партиямыздың Орталық Комитеті 1954 жылы мемлекеттік және кооперативтік сауданың бөлшек сауда айналымының көлемін 1950 жылымен салыстырғанда, бесжылдық жоспар бойынша 1955 жылға 70 процент көбейтудің орнына, (салыстырма бағамен) 72 процент көбейту, яғни 1955 жылға белгіленген бесжылдық жоспардың тапсырмасынан 1954 жылдың өзінде асып түсу, ал 1955 жылы бөлшек сауда айналымын 1950 жылғымен салыстырғанда, шамамен, екі есе көбейту қажет деп тапты.

Кейбіреулер саудадағы шұғыл өрлеу деген не? —деп сұрайды. Товар айналымының осылай өсуі іс жүзінде шұғыл өрлеу деген сөз.

1955 жылы халыққа азық-түлік және өнеркәсіп товарларын сату бесжылдық жоспарда белгіленген тапсырмаларға қарағанда едәуір артты, оған мынадай мәліметтер дәлел:

1955 жылы рынок қорларының өсуі		
1950 жылғымен салыстырғанда		
Бесжылдық жоспар		
бойынша белгіленгені	Жаңа тапсырма	
Ет өнімдері	1,9 есе	2,3 есе
Балық өнімдері	1,7 »	2,1 »
Мал майы	1,7 »	1,9 »
Өсімдік майы	2 »	2,6 »
Қант	2 »	2,3 »
Енім	1,8 »	2,4 »
Мата	1,7 »	1,8 »
Оның ішінде жүн және жібек маталары		2,4 »
Мебель	3 »	4 »
Металл ыдыстар	2,5 »	4,9 »
Тігін машиналары	2,4 »	5,1 »
Велосипедтер	3,5 »	5,5 »
Радиоқабылдағыштар мен телевизорлар		
Сағат	2 »	4,4 »
	2,2 »	2,6 »

Совет тұтынушыларының азық-түлік товарларының сапасын арттыру жөніндегі талаптарын қанағаттандыру өнеркәсіп пен сауда үшін бұлжымас заң болуға тиіс.

ды. Батон мен булка 1940 жылдан Донбаста он есе артық, Уралда 6 есе артық сатылады.

Алдымызға мынадай міндет қойылып отыр — 1956 жылы сортты бидай ұнынан пісірілген, жақсартылған даналап шығарылатын нанды 75 процентке дейін жеткізу керек, ал соғыстан бұрын мұндай нан тек 20 процент шығарылатын, ақталған бидай ұнынан даналап пісірілетін нанды 40 процентке дейін жеткізу керек, соғыстан бұрын мұндай нан мүлдем дерлік даналап шығарылмайтын.

Нанның түр-түрі жақсартылуымен қатар быйылғы жылы октябрь айынан бастап нан мен ұнның қоректік құндылығын онан әрі арттыру және сапасын онан әрі жақсарту жөнінде бірсыпыра шаралар істеліп жатыр. Углеводты, пайдалы минералды тұздарды және белок заттарын арттыру есебінен нанның калорийлығы едәуір арттырылады. Ұнды майда тарттыру қамтамасыз етіледі, мұның өзі бұл ұннан пісірілетін нанның жұғымдылығын жақсартылады.

Амал қанша, бізде сапасы қанағаттандырылмайтын және пісіру фактілері әлі жоқ дымқылдығы мен қышқылдығы көтеріңкі, жақсы пісірілмеген, қабығы күйін кеткен нан пісірілетіндігі бар. Нан-булка тағамдарының неше алуан түр-түрін шығаруды қамтамасыз ету мақсатын көздеп біздің Үкметіміз жақында нан пісіру өнеркәсібін онан әрі өркендетудің, нанның сапасын жақсартудың, түр-түрін көбейтудің және нан саудасын күшейтудің үлкен программасын бекітті.

Егер кәзіргі уақытта Азық-түлік товарлары өнеркәсібі министрлігінің системасында ондаған жылдардың ішінде салынған 800-дей нан заводтары мен 1.100 механикаландырылған нан пісіру орындары жұмыс істейтін болса, таяудағы үш жылдың ішінде ғана тағыда 372 нан пісіру кәсіпорындары салынуға тиіс, оларда нан пісірудің барлық процестерінде ең жаңа техника қолданылуға тиіс.

Нан пісіру және кондитер өнеркәсібіндегі көпшіліктердің салдарынан халықтың пірөжнші, торт, печенье жөніндегі тілегі көп қалаларда қанағаттандырылмай келеді. Осыған байланысты, нан заводтарының жанында бұл тағамдарды пісіретін арнаулы 200 кондитер цехын салудың программасы жасалып, бекітілді.

Нан мен ұнның сапасын жақсарту жөніндегі шараларды нанды тасымалдау және сақтау жұмысын жақсарту жөніндегі шаралармен толықтыру керек. Көп қалаларда нанды бейімделмеген транспортпен беталды үйіп, керекті санитариялық талаптарды сақтамастан тасымалдау және сақтау фактілері бар, нанды тиісінде және түсіруде нанға немқұрайды қарау фактілері бар, мұның өзі бірсыпыра реттерде

сатылуы 5,3 есе, киім сатылуы 2,1 есе, велосипед сатылуы 6 есе артты, ал мотоцикл сатылуы 100 есе артты, бірақ, сонда да жетіспей отыр. 1953 жылы 1950 жылдағыдан автомобиль 1,9 есе артық сатылады, ал соғыстан бұрын жеке пайдалану үшін автомобиль сатылмаған болатын. Кәзір автомобильдер сатып алуға жарты жылға көзекте тұрғандар бар деседі. Бұл айрықша түрдегі қиыншылықтар, бұл қиыншылықтар біздің бұрынғы қиыншылықтарға ұқсас емес.

Өнеркәсіп товарларының сатылуы быйылғы жылы едәуір артты. Мата, киім, аяқкиім, трикотаж, шулық пен ұйық быйылғы жылы 21 миллиард сомдық дерлік сатылды немесе 1952 жылдағыдан 23,5 процент артық сатылды.

Осылай бола тұрса да халықтың бірсыпыра өнеркәсіп товарлары жөніндегі талаптарын қанағаттандырылмай келеді. Меланж, ала-түсті, түкті, астарлық және көйлектік маталар жеткіліксіз. Тігін заттары — костюмдер, пальтолар, жасанды жібіктен тігілген еркек көйлектері, әйел көйлектері жеткіліксіз.

Товарлар мерзімі бойынша бірқалып жеткілігі отырмайды; түр-түсіне, суретіне, мөлшеріне, фасынына қарай сәртталмайды; сауда ұйымдарының зақаздары орындалмайды. Мысалы, Минск өнеркәсіп сауда бөлімі 1953 жылға арнап сисаның 3 түріне зақаз берді, ал Москвадан шығару базасынан төтеледі 1 тоқсанда бар болғанны сисаның үш түрін ғана алды; сатыудың 15 түрінің орнына бар болғаны тек бір түр жөнелтілді. Главтектильторгтың Қазадағы сауда базасы II тоқсанның ішінде Татар АССР-інің қалалық сауда ұйымдарына ішкімдік мақта-маталардың зақаздың 138 проценти мөлшерінде, ал сатынді 85 процент, әйел көйлегіне жұмсалатын жазғы маталарды 85,2 процент жеткізді.

Сауда ұйымдары мен магазиндерде товарларды мөлшері, фасыны, моделі, түр-түсі жағынан сәрттау жұмысы нашар. Сауда базалары мен екладтарында бар бола тұрса да товарлардың жеке түрлерін, мөлшерлерін, фасындарын, түр-түсін сатуға үзігістер болып тұрады.

Совет Үкметі халықтың құрылыс материалдары жөніндегі өсіп отырған тілегін неғұрлым толық қанағаттандыру мақсатын көздеп, быйылғы жылы қала мен селода бөлшектеп сату үшін құрылыс материалдарын өткен жылы бөлінгеннен екі жарым еседей артық белді.

Халыққа және колхоздарға 1953 жылы 1952 жылдағыдан іске жұмсалатын ағаш пен тақтай үш есе, шифр 2,5 есе, құрылыс шенесі, сортты темір, үй төбесін жабатын жұмсақ заттар, цемент 1,8 есе артық сатылады, сонымен қабат олифа,

біріншіден, шаруашылықтың ішкі мүмкіншіліктерін үздіксіз ашып, барынша пайдалану, үнемдеу тәртібін барынша қатаң сақтау, мұны совет сатып алушысына қызмет етуді үнемі жақсарту беру ісімен ұштастыру жолымен;

екіншіден, ысыранты жою, товарлардың сапасын түсіруге және бүлдіруге жол бермеу, тиімсіз тасымалдарды болдырмау, сауда орындарына товарлардың үздіксіз жеткізілінін тұруын қамтамасыз ету, құтылан және даналан сататын бұйымдарды едәуір көбейту, магазиндерді жетілдірілген сауда құрал-жабдықтарымен қаруландыру, магазиндерді ішкі транспортпен жабдықтау жолымен;

үшіншіден, сауда процесін арзандату, товармен жабдықтауды неғұрлым тиімді ұйымдастыру, орынсыз бұйымдарды жою, сауданың басқару аппаратына жұмсалатын шығындарды азайту жолымен.

Біздің мемлекеттік және кооперативтік сауданың ірі артықшылықтарының бірі оның үнемі кемітіліні отыратын берік бағамен жүргізілетіндігінде. Біздің елімізде бараның тыянақтылықпен кемітіліні отыруы—Совет Үкіметінің халықтың сатып алу қабілетін арттыруға, қоғамымыздың әрбір мүшесінің тұрмыс дәрежесін көтеру үшін қосымша мүмкіншіліктер жасауға бағытталған саясатының бұлжымас принципі.

Біз әлі жеткіліксіз товарлардың да бағасын, егер бұл товарлар бұқаралық тұтынушылар үшін зор маңыз алатын болса, оны кемітіп отырамыз. Айта кету керек, мұның өзі қосымша керексінуді туғызады және бізді таңшып, халыққа қажетті товарлардың өндірісін неғұрлым тез көбейтуге итермелейді.

1947 жылдан кейінгі уақыттың ішінде біздің елімізде бағалар алты рет кемітілді, осының нәтижесінде бағаның жалпы дәрежесі екі еседен де артық кеміді, демек, совет сомының сатып алу күші екі еседен артық өсті. Халық орасан зор ұтысқа ие болды.

Бұған қарама қарсы, капиталистік саудада баға стихиялық түрде белгіленеді, капиталистер мен жалдаптар бағаны өршітудің болмашы мүмкіншіліктерін пай-

Товар айналымының өсуі

Елімізде социалистік құрылыстың орасан зор табыстарға жетуі, өнеркәсіп және ауылшаруашылық өнімдерінің өсуі және халықтың сатып алу қабілетінің мүлтіксіз артуы бәлшек сауда айналымының ойдағыдай өсуін де қамтамасыз етті.

Мемлекеттік және кооперативтік сауданың бөлшек сауда айналымы 1953 жылы 1940 жылғымен салыстырғанда (салыстырмалы бағамен) 79 процент артты. Егер өткен үш жылдың ішінде товар айналымы орта есеппен жылына 13 проценттен өсіп отырған болса (салыстырма бағамен), 1953 жылы 1952 жылғымен салыстырғанда ол 20 процент арталы.

Товар айналымының құрылымын жақсарту жөнінде елеулі өзгерістер болды. Соғысқа дейінгі 1940 жылы еліміздің товар айналымында өнеркәсіп товарлары

үшін күресеміз. «Қымбат та болса айбат, арзанның сорпасы татымайды» деген қауіпкердің өлшемі бізге лайықты емес.

Ал «Алдамасан сата да алмайсың» деген жұртқыштық заңға сүйенетін капиталистік саудада бұлайғын, өтірік жылтыратып қойған товарларды сату кең өріс алады. Егер бүлінген және зиянды товарларды сатудан пайда келетін болса, адамдардың денсаулығымен капиталистің жұмысы жоқ.

Совет мемлекеті социалистік қоғамның талантарына сай келетін, капиталистік сауданың кемшіліктері мен мерздерінен сау сауданың жаңа түрін жасады.

Бізге үлгілі сауда кәсіпорындары — гастрономдар, универсамтар, арнаулы магазиндер бар, оларға басқа елдердегілер қызыға қарайды. Міндет—біздің барлық сауда орындарымызды сол магазиндердің жұмыстарының дәрежесіне көтеру.

Мынаны ескеру керек: бәсеке жағдайында, өткізу қыйыншылықтары артып отырғанда, буржуазиялық елдерде де сауда кәсіпорындарын, саудада қолданылатын техниканы, сатып алушыға, әсіресе дәулетті сатып алушыға мәдениетті қызмет етуді ұйымдастыруда тәп-тәуір үлгілер жасалған.

Шетелге бас иөшілікпен күресуді сылтау етіп, шетел тәжірибелерін елемейтін, оларға көңіл аударуды, бізге пайдалы нәрселерді үйреніп, пайдалануды қойып қойған жолдастарды айыптамауға болмайды.

Таңдаулы сауда кәсіпорындарымыздың озат тәжірибелерін кең өрістете отырып, біз сонымен қатар буржуазиялық елдердегі таңдаулы кәсіпорындардың сауданы ұйымдастырудағы, сатып алушыларға қызмет етудегі өзмізге керекті нәрселерді зерттеуге алуға тиістіміз, бұл пайдалы тәжірибені алудан, ал оны мөңгеріп, қалай бұқараның мүдделеріне пайдаланудан жиренбеуге тиістіміз.

Міндет біздің саудаамыздағы бар кемшіліктерді батыл ашып, сауда жұмысын жолға қоюды Совет Үкіметі мен Коммунистік партияның алдымызға қойып отырған талабына сай жақсартуға, сауданы социалистік қоғамның еңбекшілеріне лайықты дәрежеге көтеруде болып отыр.

36,9 процент болса. 1953 жылы —45,3 процент болып отыр.

Сонымен қатар, үстіміздегі жылы товар айналымының жоспарын орындау жөнінде де айта кету қажет. Бірінші тоқсанда сауда айналымының белгіленген жоспарын орындауда мықтап артта қалушылық болды, бұл жоспар небәрі 94,9 процент қана орындалды. Үстіміздегі жылғы екінші және үшінші тоқсандарда товар айналымының жоспары орындалғанымен, бірінші тоқсандағы олжылық әлі толық толтырылған жоқ, сонымен бірге товар айналымы жөніндегі қосымша тапсырма да орындалмай келеді.

Бізге осы уақытқа дейін сауда ұйымдары жоспарды нашар орындап келе жатқан облыстар мен республикалар бар. Мысалға Свердловск қаласының сауда ұйымдарын алайық (қалалық сауда бөлімінің

азық-түлік және өнеркәсіп товарларының рыноктық қорларын 1950 жылғымен салыстырғанда оған сайын неғұрлым артыра түседі қажет деп тапты:

Ет өнімдері	2,6 есе
Барлық өнімдері	2,3 »
Мал майы	2,1 »
Өсімдік майы	2,8 »
Қант	2,4 »
Мата және аяқ киім	2 »
Тігін машиналары	5,9 »
Велосипедтер	6 »
Радиожабылғағыштар мен телевизорлар	5,3 »
Мебель	4,8 »

Бұл қаулыда азық-түлік және өнеркәсіп товарларының саудасын халықтың товарларды керексінуді ескере отырып, едәуір жақсарту мәселелері шешілген және сауданың материалдық-техникалық базасын едәуір арттыру, совет саудасын өркендету жөнінде тағы басқа маңызды шаралар қолдану белгіленген.

Сауда жөніндегі кәзіргі міндет — совет саудасын өркендету ісін мықтап алға бастырып, таяудағы екі — үш жылдың ішінде әрбір қала мен әрбір селолық ауданда халыққа барлық қажетті товарлардың үздіксіз салынып тұруын қамтамасыз ету.

Азық-түлік товарларымен сауда жасаудағы ерекше бір өзгешелік неғұрлым бағалы тамақ өнімдерін сатуды едәуір көбейту болып табылады.

1953 жылдың алғашқы жартысында 1950 жылдың алғашқы жартысымен салыстырғанда ет тұтыну Москвада 2 есе, Ленинградта 1,9 есе, Молотовта 2,2 есе, Свердловскте 1,9 есе, Челябинде 2,5 есе артты. Басқа қалаларда бұдан гөрі азырақ, сондай-ақ мықтап артып отыр.

1953 жылы мал майы 1952 жылдағыдан 108 мың тонна артық сатылады.

1953 жылы қант 1952 жылғыдан 600 мың тонна артық сатылады.

Иванов тоқымашылары (Середа тоқыма фабрикасы) 1909 жылы әрбір адамға шаққанда жылына 12,8 килограмм қант тұтыған екен, ал совет тоқымашылары 1952 жылы бүкіл ел бойынша орта есеппен алғанда 31,2 килограмм тұтынды, ал 1953 жылы бұл цифр 35 килограммнан асады. Өздеріңіз көріп отырсыздар, қант тұтыну екі еседен де көп артқан.

Айта кету керек, бізде қант әлі де болса барлық аудандарда жеткілікті емес, кейде шәкпақ қант болғанымен, шекер жоқ, немесе шекер болғанымен, шәкпақ қант жоқ деген шағым түсіп жатады.

Бұл өнеркәсіп және сауда шаруашылық басшыларының ұйымдастыру ісіндегі олжылықтар.

Жүзім шарабын тұтыну да тез өсіп келеді, бұл кәзіргі уақытта 1940 жылдағыдан 1,8 есе артып отыр. Мұның өзі халықтың сатып алу қабілеті едәуір артқандығын дәлелдейді. Шамамен шарабы да кәзір сәндіктің затынан еліміздің еңбекшілері көп алатын затқа айналды, бұл да жалпы тұрмыс жағдайының жақсартылғанын көрсетеді.

тып алушылардың тілектеріне сәйкес, тамақ өнімдерінің асортиментін ұлғайту және сапасын жақсарту жөнінде өнеркәсіп орындарына талаптар қойып, өнеркәсіпке ықпалын тигізіп отыруға тиіс.

Тамақ өнеркәсібі халық лайықты сүйсініп пайдаланатын сосиски, котлет, пельмен, шұжық және ет шала фабрикалары сыяқты азық-түлік товарларды шығаруы әлі де болса жеткіліксіз; конфеттердің қағазға оралған, ішіне жанғақ және жидек салынған жақсартылған сорттары: «Прозрачная», «Раковая шейка», «Гусиные лапки», «Лебедь», «Мишка косолапый» конфеттері жеткіліксіз шығарылды.

Азық-түлік товарлары өнеркәсібі товарларды бұзып-түйілген түрінде жақсы және өсем түрде орап өндіруді мықтап арттыруға тиіс.

Барлық магазиндерде жанама товар лейтіндердің де (мысалы, гастрономиялық магазиндерде—сіре, горчица, хрен және басқаларының) сатылуы да қамтамасыз етілген, консерві сатқанда онымен қоса арнаулы ашқыштар, пышақтар, сатылуға тиіс, шарап сатқанда — тығын ашқыштар, штопорлар және басқалары сатылуға тиіс. Бұл ұсақ-түйек нәрселер тәрізді болып көрінеді, бірақ сатып алушы үшін керектінің бәрі ұсақ нәрсе емес.

Картон пен оwoщ саудасында көп елеулі кемшіліктер бар. Бұл кемшіліктер халықты осындай өте маңызды азық-түлік өнімдерімен қанағаттанғысыз жабдықтауға апарып соғалды. Қалалар мен өнеркәсіп орталықтарына тасылатын картон пен оwoщ заңастарының жұмсалуы бір-кейкі емес. Картон пен оwoщтың дені—август—декабрь ішінде жұмсалады, ал январь—февральда картон пен оwoщ саудасында үлкен үзілістер болады. Картон және оwoщ қоймаларын салуға көңіл аудару керек және бұл кім қыс бойы, көктем бойы картон пен оwoщ саудасын үздіксіз жүргізіп отыру үшін картон пен оwoщ заңастарын жақсы сақтау керек.

Быйылғы жылы халыққа қарбыз бен қауынды сатуды едәуір ұлғайтудың шаралары істелді, мұның өзі жеміс тапшылығының едәуір дәрежеде орын толтыруға көмектесті. Быйылғы жылы екі айдың ішінде ғана орталықтанған қорлардан қалаларда 453 мың тонна қарбыз бен қауын сатылды, ал 1952 жылдың ішінде бар болғаны 234 мың тонна сатылған болатын.

Бақша шаруашылығын өркендету жөнінде жүргізіліп жатқан шаралардың нәтижелері тез арада біліне қоймайды. Сондықтан міндет—қарбыз бен қауын өндіруді ұлғайту жөніндегі қолда бар зор мүмкіншіліктерді барынша толық пайдалану, сөйтіп 1954 жылы бұл бақша дақылдарымен рынокты мол жабдықтау болып табылады. Біздің халқымыз соңғы жылдардың ішінде жақсартылған нан-бұлға тағамдарын, әсіресе сортты бидай ұнынан пісірілген нан тағамдарын көп керексінуде, ал осымен байланысты нанның жай сорттарын тұтыну едәуір кемуде. Мысалы, Москвада соғыстан бұрын бір тәулiкте орта есеппен 700—800 мың қалалық бұлға сатылатын, ал кәзір 2.300 мың сатыла-

нанның сапасы нашарлауына апарып соғады. Осы себептер бойынша тұтынудың та сапасы төмендетілген, өзін-жаншылған, товарлы түрінен айрылған нан бөрып жетеді.

Москвааның, Ленинградтың және басқа ірі қалалардың үлгісі бойынша нанды арнаулы транспортпен тасымалдауға көшу керек, бұл жұмысты 1955 жылы аяқтау керек.

Соғыстан бұрынғы дәуірмен салыстырғанда 1953 жылы көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарларын сату мықтап артты.

1953 жылы 1940 жылғымен салыстырғанда жүн және жібек маталарының

Халықтың керексінуді зерттеу, товарлардың сапасын арттыру үшін күресу

Жұртқа мәлім, халықтың керексінуді, оның барлық әртүрлі тұтыну талаптарын жан-жақты зерттеп отыру совет саудасының өз табиғатынан туады. Тек осы негізге ғана товар ресурстарын елдің аудандарына неғұрлым дұрыс бөлуге болады.

Саудағағы ең ірі кемшілік, совет саудасын оған әрі өркендетудің бүкіл ісіне елеулі кедергі болуға айналып кетуі мүмкін кемшілік—халықтың қандай товарларды керек ететінін зерттеуді қанағаттанғысыздығы болып табылады. Тұрасын айту керек, халықтың керексінуді сауда қызметкерлері әлі нашар зерттеп келеді, ал мұның өзі облыстарға, өлкелерге және республикаларға товарлар жеткізуді жоспарлауда елеулі қателерге әкеліп соғуға.

Горький қаласы сыяқты ірі өнеркәсіп орталығында сатып алушылардың керексінуді зерттеу тек бір магазинде ғана жүргізіледі. Қазан қаласында керексінуді зерттеу жұмысы тек қана жалғыз универсамта және қалалық өнеркәсіп товарларын сату бөлімінің екі магазиніне жүктелген. Көптеген сауда ұйымдары халықтың керексінуді зерттеуді қарточкалар мен ведомостар толтыру жұмысына ғана тіреген, олардың өзі түгелдей дерлік зерттелмейді, бүлдірікті жұмысқа аз пайдаланылады. Бас универсамта керексінуді зерттеу жөніндегі жер-жерден келіп түскен хабарларға таңдау жасалмайды, оларды қорыту, іс жүзінде пайдалану жұмысы жүргізілмейді. Оқта-текте бір болмаса, тіпті пайдаланылмайды.

Товарларды елдің аудандарына жеткізу және оларды сауда ұйымдарына табыс ету осы уақытқа дейін товар беруші орындармен «келісуден» асортимент дейтін бойынша жүргізіледі. Рынокты, әсіресе, халықтың товарлардың асортимент жөніндегі керексінуді нашар білудің салдарынан елдің аудандарына келісілген асортименттерді жіберуде елеулі қателерге жол берді. Өмір өзінің елеулі түзетулерін енгізеді, ал келісілген асортименттер айнымай қала береді. Іс жүзінде келісілген асортимент әрдайым саудаға еріксіз зорлау болып шығады.

Товар берудің қолданылып жүрген негізгі шарттары бойынша сауда ұйымдары товарларды келісілген асортимент бойынша алуға міндетті. Ол түгіл, егер сауда жасушы ұйым «келісілген» асортименттің ішінен әлдеқандай бір товарды алмай-

жесір, өсіпте төсетін пайыздар, құрғақ гипс шұғажатұрғасы және терезе әйнегі көбейтілген мөлшерде сатылады.

Быйылғы жылдан бастап халыққа жеке үйлер салу үшін дайын стандартты үйлер сату басталды. Халықтың жыйған-терген қаражаттың көбеюі бұл қаражатты қалалар мен деревняларда меншікті үйлер мен дачалар салуға пайдалануға мүмкіндік туғызды. 1954 жылдан бастап Москвада, Ленинградта және бірсыпыра басқа қалаларда үйлердің әртүрлі неғұрлым көп сату ұйымдастырылады, бұл үйлерді салуға халықтан зақаздар қабыл алынатын болады.

тып болса, оның орнына оған сол ауданда халық керек ететін басқа товарларды бермейді. Мүмкін, мұндай тәртіп өткізу базаларының жақсау қызметкерлеріне қолайлы да шығар, бірақ, бұдан сауда тек қана зиянға ұшырайды.

«Главозастыльтортиң» сауда-өткізу базалары басқарушыларының кеңесінде товарлардың дұрыс жеткізілмейтіндігін, сауда ұйымдарына товарларды зорлап өткізушілікті және халықтың керексінуді зерттеу жөніндегі жұмыстың қанағаттанғысыздығын көрсететін толып жатқан фактілер келтірілді. Осының нәтижесінде кейбір аудандарға товар жеткізу жоспарына мықтап түзету енгізілеу тура келді.

1953 жылдың ішінде өндіріліп жатқан товарлардың асортиментіне бірнеше рет түзетулер енгізілді, бірақ, бұл түзетулердің бәрін Сауда министрлігі кешігіп, ескілер мен базаларда халық көп керексінетін товарлардың қорлары тым көбейіп кеткенде барып жасалды.

Халықтың керексінуді зерттеудің кәзіргі тәртібі өте-мөте бір орталыққа негізделеді—Сауда министрлігіне тым көп материалдар, керек дөсенділер, тіпті орталықта керекі жоқ материалдар жыйнақталады. Товарлардың халық көбірек керек ететін жеке түрлерін жеткізуді келісу жөнінде жер-жерлерге көбірек право беру керек.

Қала мен деревня халқының керексінуді зерттеу көтере сауда, сол сыяқты бөлшек сауда жасайтын ұйымдар арқылы жүргізілуге тиіс. Сатып алушылардың конференцияларын өткізу, азаматтардың ұсыныстарын пайдалану, товарлардың көрмелерін ұйымдастыру, асортименттік кабинеттер ашу, баспасөз бетінде пікір айту және сол сыяқты тәжірибелер барынша қолдан отырылуға тиіс.

Халықтың керексінуді зерттеу және неғұрлым толық қанағаттандыру ісінде товарведтердің ролі мен маңызы орасан зор. Сауатты товарвед сыяқты өшкім де өнеркәсіп орындарынан алынған товарлардың асортименті мен сапасының сатып алушылардың талапмаздығы мен талаптарына үйлесетін-үйлеспейтіндігін дұрыс бағалай алмайды.

(Жалғасы бар)

Редактор Ф. МУХАМЕДЖАНОВ.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы. Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат—1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.